**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024– 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** «Алпамыс» бөбек-жай балабақшасы
**Топ** «Қызғалдақ» мектепалды тобы
**Балалардың жасы** 5- жас

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | Сапта бір-бірден жүру.<br>*Адымын қолдың шынайы қозғалысымен үйлестіріп басу, сызықтан шықпай жүру қабілетін нығайту.*<br>Заттардан аттап,сызық үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>Қимыл-қозғалыстарды өзге балалармен келісіп орындау. Балалардың жанды табиғат нысандары туралы білімін байыту.<br>Шашырап, жұппен жүгіру.<br>Қолдарына доп ұстап (оң қолға) зал ішінде «шашырап» жүреді.<br>Заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу.<br>Жоғары қарай секіру және төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Екі дөңгелекті велосипедпен тік жолмен тебу. (Таза ауада өткізу)<br>Велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру.<br>Үш дөңгелекті велосипедті тебуге үйрету<br>Екі дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұрып тебу.<br>Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру.<br>Екеуден жүру.<br>Музыкалық сүйемелдеумен түрлі бағытта, әртүрлі ырғақпен қозғалу: ырғақпен жүру, жеңіл жүгіру.<br>Құрсаудан құрсауға секіру(арақашықтығы 40 см)<br>Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту<br>Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен тепе-теңдікті сақтап жүру. Шектелген алаңда денені дұрыс ұстап, аяқтың ұшымен жүруге үйрету.<br>Жалпақтабанның алдын алу<br>Кедергілер арасынан еңбектеу.<br>кегельдермен жалпы дамытатын жаттығуларды, жүгіріп келіп секіру, жұппен<br>жүру және жүгіру жаттығуларын.<br>Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>Тепе-теңдік жаттығулары – иректеп тасталған жіп бойымен жүру. Табанды жіпке қою қабілетін, шеңбердің аумағынан шықпауын бақылау |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор**<br>Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>-Сөйлемдегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>-Айналасындағылармен өздігімен диалогты бастауға ынталандыру, әңгімелеушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесі кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:**<br>Шығарамашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді , эпитеттерді ,салыстыруларды қолдану |
| | **Көркем әдебиет** | Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Әдеби шығармалардың эмоционалды қабылдауына ықпал ету..<br>Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер),шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. |
| | **Сауат ашу негіздері** | Әрбір сөздің мағнасы болатын туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. |
| | **Қазақ тілі** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға,есте сақтауға үйрету.<br>Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ<br>дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.<br>**Сөздік қор:** қоршаған ортадағы күнделікті жиіқолданылатын *(бер, ал, алып кел.. )* сөздерін түсініп, айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>заттардың көлемін, түсін, олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді үйрету, сөз тіркестерін түсіну және оларды байланыстыру әдісімен (зат есім жәнесын есім, зат есім және етістік) құрастыруды үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** қарапайым сұрақтардытүсіну *(Бұл кім? Бұл не?)* және оларға қысқа сөйлем түрінде дұрыс жауап беру. |
| | **Математика негіздері** | **Жиын.**<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады;<br>жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді;<br>"Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсіндіру.<br>**Сан және санау.**<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Шама**<br>Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, , шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Өсімдіктер әлемі:**<br>-Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту;<br>-«Орман», «шалғын», «бақша»ұғымдарымен таныстыру<br>**Табиғатпен таныстыру:**<br>-Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру(су,ауа,мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр) |
| | **Құрастыру** | **Қағаздан құрастыру**.<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. |
| | **Сурет салу** | **Заттық сурет салу**:<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). |
| | **Мүсіндеу** | **Заттық мүсіндеу**.<br>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. |
| | **Жапсыру** | Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын,көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | ажырата білуге үйрету.<br>**Әнайту.**<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен;<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке,дербестікке баулу |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс әрекетің міндеттері** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Қазан** | Дене шынықтыру | Бір орында тұрып биіктікке секіру.<br>Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру.<br>Самокатты тура жолмен тебу<br>тәрбиеленушілерге самокатпен жеке-жеке сырғануды ұсынады. Жердің бетінен бір аяқтарымен екіпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтауға баса назар аударады.<br>Сапқа бір қатармен тұру.<br>Тізбекке тұру. Кәдімгі жүріспен жүру, бір-бірден тізбекте жүгіру; реттеуші жаттығулар – аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы жағымен жүру.<br>Тізені жоғары көтеріп жүру<br>Алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына жүру, баяу жүгіру. Балалар жүгіру кезінде алаңның бір жағымен тізелерін жоғары көтере отырып жүгіреді.<br>Самокатты шеңбер бойымен,оңға,солға бұрып тебу<br>Жердің бетінен бір аяқтарымен екіпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтауға баса назар аударады, оң жағынан және сол жағынан айналып өтеді.<br>Гимнастикалық таяқшалармен жаттығу жасау Және<br>Қолын белге қойып, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру (орындықтың<br>ұзындығы – 35 см, ені – 20 см).<br>Орнында айналу,оңға,солға бұрылу<br>Тізбекте бір-бірден жүру, допты пайдаланып реттеу жаттығуларын орындау: допты қолға ұстап жүру (допты оң қолға ұстап), аяқтың ұшымен жүру – допты басынан асырып ұстайды, өкшесімен жүру – допты алдында ұстайды.<br>Музыкалық ырғақтық қимылдар музыкалық сүйемелдеумен түрлі бағытта, әртүрлі ырғақпен қозғалу: ырғақпен жүру, жеңіл жүгіру.<br>Допты жоғары лақтыру.<br>Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет.<br>Арқан үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>Балаларды арқаннан (жіптен) секіру кезінде тез және екпінмен қарғуға үйрету.<br>Оң және сол аяқты алмастыра отырып сызықтан секіру<br>Бір орында секіру. Балалардың назарын тізені ақырындап бүгу қажеттігіне аударады.<br>Тепе-теңдік жаттығулары – иректеп тасталған жіп бойымен жүру. Табанды жіпке қою қабілетін, шеңбердің аумағынан шықпауын бақылау. |
| | Сауат ашу негіздері | Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінікті қалыптастыру.<br>Сөздерді дыбыстық талдау:<br>-сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықта Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ бұл сөздерді дұрыс айту және есте сақтау.<br>**Сөздік қор:** қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сәздерді *(«бөпе», «аға», «апа», «іні»,«қарындас»..)*, атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** заттардыңтүсі,көлемі бойынша белгілерін, қимылын білдіретін сөздерді айта білуге машықтандыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Жай сөйлемдер құра білуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету<br>*(Бұл кім?)* |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөздік қор:**<br>-Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, білдіретін үстеулермен байыту<br>**Сөйледің дыбыстық мәдениеті:**<br>-Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету |
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>-Сөйлемдегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>-Айналасындағылармен өздігімен диалогты бастауға ынталандыру, әңгімелеушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесі кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:**<br>Шығарамашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді , эпитеттерді ,салыстыруларды қолдану |
| | Көркем әдебиет | Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br>-Балаларды қолжетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Математика негіздері | Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру<br>**Жиын:**<br>-Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру<br>жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру<br>**Сан және санау.**<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан , конструктор бөлшектерінен құрастыру:**<br>-ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау:**<br>-заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>-Туған өлкенің өсімдіктері(ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту<br>-«Орман», «шалғын», «бақша»ұғымдарымен таныстыру<br>Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. |
| | Сурет салу | Балалардың өнер шығарамаларын эмоционалды қабылдауын қабылдау қабілетін қалыптастыру<br>-Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжетте қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды жеткізе білу<br>-Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру(тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады) |
| | Мүсіндеу | Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, пішіндер мүсіндеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру | Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.<br>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу |
| | Музыка | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен;<br>**Билер**<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуді меңгерту.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруды, мәтінге сәйкес әнді сахналауды; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс әрекетің міндеттері** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Қараша** | Дене шынықтыру | Жіптерден аттап жүру Тепе-теңдік жаттығулары – иректеп тасталған жіп бойымен жүру. Табанды жіпке қою қабілетін, шеңбердің аумағынан шықпауын бақылау.<br>Аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру Бір-бірден тізбекте жүру және жүгіру, арасында табанның сыртқы және қырымен жағымен жүру.<br>Тұрған орнында айналып секіру Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру<br>Бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу, гимнастикалық орындық үстімен жүргенде тепе-теңдік сақтау жолдарын, өзге балалармен үйлесімді қимылдау тәсілдерін қолданады<br>Допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып алу<br>Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту<br>Жердегі құрсау ішіне биіктіктен секіру<br>Балаларды қадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; қимылды ойын<br>арқылы балаларда құрсаудың ішіне кіру(биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу.<br>Шалқадан жатып денесін көтеру (5-6 рет) доппен түзету жаттығуларын, доппен жалпы дамыту жаттығуларын, допты лақтыру және қос қолдап қағып алу жаттығуларын, ойын кезінде түрлі рөлдерді сомдау.<br>Допты қақпаға тебу (фудбол элементі)<br>Фитболдарды бір-біріне қарай домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту. Қозғалыстың дұрыстығы мен айқындығын дамыту<br>Басына құм салынған қапшықты қойып,арқан үстімен тепе-теңдік сақтап жүру<br>Тепе-теңдік – төбесіне құм толтырылған қапшық қойып, тігінен тасталған жіп бойымен жүру.<br>Кеуде тұстан екі қолмен допты бір-біріне лақтыру (Баскетбол элементі)<br>Допты бір-біріне лақтырып, оны қос қолды еркін қозғалтып қағып алу қабілетін нығайту (екі қолды бастан жоғары көтеріп қағып алу, ойынға қатысатын жұп арасындағы қашықтық – 1,5 метр).<br>Мақта толтырылған допты нысанаға дәлдеп ату<br>Бір орында секіру. Балалардың назарын тізені ақырындап бүгу қажеттігіне аударады.<br>Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу.<br>20 сантиметр биіктікке секіру<br>допты алға-жоғары көтеріп, оны қос қолдап қағып алуға үйрету.<br>Допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып алу<br>Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту |
| | Сауат ашу | Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу.<br>Сөздегі буындардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету |
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тәндыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: ә.і,ң.<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту бойыншажұмысты жалғастыру.<br>**Сөздік қор:** Күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс-жидек, көкәніс *(алма , алма , өрік , қияр , пияз , картоп.. )* атауларын дұрыс айту, мағынасынтүсіну дағдыларын қалыптастыру .<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсінужәне оларды дұрыс айту, сөз тіркестерінің<br>мағынасын түсіну.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Жай сөйлемдер құра білуге, жай сұрақтарға жауап беруге үйрету *(Бұлне?* |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:**<br>Шығарамашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді , эпитеттерді ,салыстыруларды қолдану |
| | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. |
| | Математика негіздері | Танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру**.**<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. |
| | Құрастыру<br><br><br> | **Табиғи қалдық материалдардан құрастыру:**<br>-Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.<br>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. |
| | Қоршаған ортамен танысу | Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | Сурет салу | Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру ( құстар)<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. |
| | Мүсіндеу | қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.<br>шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу<br>қарапайым пропорцияларды сақтай отырып мүсіндейді. |
| | Жапсыру | Әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолданады; |
| | Музыка | **Музыка тыңдау.**<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақмузыкаөнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>**Әнайту.**<br>Бірінші октаваның«ре»,екінші октаваның«до»диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуды үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру,жүрелеп отыру арқылы бере білуді қалыптастыру.<br>**Билер.**<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуді үйрету.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып,музыканың сипатынасәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Музыкалық дауылпаз және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. |
| | | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекетің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру | Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен алға тартылу. хоп-фитболдармен (секіргіш гимнастикалық доптар) секіру; допты екі қолымен жоғары лақтыру және алақанмен шапалақтап ұтып алу<br>Допты жіптің үстінен екі қолымен лақтыру.<br>Балаларды арқаннан (жіптен) секіру кезінде тез және екпінмен қарғуға үйрету;<br>сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру<br>Екі сапқа тұру.<br>Қатарынан тізіліп сапқа тұрып бірінші-екінші болып санау жүргізу және нөмірлер<br>бойынша топқа бірігу дағдыларын жетілдіру;<br>Алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру.<br>Балаларды жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру;<br>допты екі қолымен бір- біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруға<br>үйрету;<br>Тунельден еңбектеп өту қимыл-қозғалысты бірқалыпты, асықпай орындау;.<br>Екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Балаларды етпетінен жатып, қолдың көмегімен гимнастикалық орындық үстімен еңбектеуге үйрету.<br>Допты басымен итеріп еңбектеу.<br>Допты екі қолымен заттар арасымен жүргізуге (арақашықтығы 4 м) үйрету; балаларда бір орында тұрып секіру;<br>Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру. Балаларды қадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; қимылды ойын арқылы балаларда құрсаудың ішіне кіру, көлбеу басқышқа шығу.<br>Үш қатармен сапқа тұру. сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру.<br>Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру.<br>Балаларды жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру;<br>допты екі қолымен бір- біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруға<br>үйрету;<br>Допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып алу<br>Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту<br>Қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.<br>бір-бірінің артына сапқа тұрып екпін мен бағытты өзгерте отырып, «паровоз» болып жүруге дағдыландыру |
| | Сауат ашу | Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліндегіерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: ғ , қ, ө.Артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.<br>**Сөздік қор:** заттардың белгілерін түсі, өлшемінбілдіретін сөздерді айтуды үйрету. Педогогтың өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындауғаүйрету *(бер, алып кел, ал),* сөздік қорын көбейту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Ойын барысында балаларды тақырып бойынша жаңасөздермен таныстыру.Қарапайым сұрақтарды түсіну дағдыларын қалыптастыру және ойын кезінде оларға жауап беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Жай сөйлемдер құра білуге, жай сұрақтарға жауап беруге үйрету ( *Қандай? Кай? ).* |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор:**<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. |
| | Көркем әдебиет | Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. |
| | Математика негіздері | Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру<br>Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту<br>**Сан және санау.**<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану<br>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету<br>Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. |
| | Құрастыру | Қағаздан құрастыру<br>әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту<br>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.<br>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту |

| | | |
|---|---|---|
| | | Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану |
| | Қоршаған ортамен танысу | табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. |
| | | Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. |
| | Сурет салу | Қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру<br>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.<br>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. |
| | Мүсіндеу | Біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады;<br>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.<br>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. |
| | Музыка | . **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би)үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алуды қалыптастыру<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді дамыту.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Музыкалық асатаяқ және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыр |

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекетің міндеттері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | Дене шынықтыру | Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен жүгіру.<br>Бір қатарға қойылған заттардың арасымен алақаны мен табанын тіреп еңбектеу (кегельдерді екі сызық бойына 6 данадан қойып шығады).<br>Түсіндіру: қимылдарды балалардың бірі көрсетіп тұрады.<br>Төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр).<br>Алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына жүру, баяу жүгіру. Балалар жүгіру<br>кезінде алаңның бір жағымен тізелерін жоғары көтере отырып жүгіреді. Жүру.<br>Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру.<br>Допты 4метр қашықтықтан қақпаға домалату. Балалардың назарын допты саусақтардың күшімен итеру керектігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтау қажеттігіне аударады.<br>Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату.<br>Тізе мен алақанды тіреп, бір қатарға қойылған заттардың арасымен еңбектеп жүру қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз.<br>Баскетбол себетке допты лақтыру. **«Баскетбол»**<br>Баланың жоғары көтерілген қолынан 30 см биіктікке ілінген затқа (таспа) жүгіріп келіп секіріп қол тигізу. Нұсқау – қолды сермеу қимылы мен аяқты серпу кү- шін үйлестіру. Көрсету кезінде тым алыстан емес және таспаға жүгіріп келмей аяқты тиісті жерде серпуге назар аударылады.<br>Төбешіктен бір-бірлеп шанамен сырғанау. Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер.<br>Арқан бойымен бір қырымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Балаларды заттардан аттап аяқ ұшымен жүру; оң және сол аяғын кезектестіріп<br>секіру; кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан<br>еңбектеуге үйрету;<br>Кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.<br>Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен алға тартылу.<br>Оң және сол аяқты алмастырып секіру. Тепе-теңдік – белгі бойынша гимнастикалық орын- дықтан бір көзді жұмып бір аяқпен тұру. Нұсқау – алға еңкеймей, статистикалық тепе-теңдік сақтау.<br>Алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру.<br>Балаларды жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру;<br>допты екі қолымен бір- біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруға<br>үйрету;<br>Бірнеше доғаның астынан өту. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп,ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету. |
| | Сауат ашу | Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.<br>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>артикуляциялықжәне дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксізөзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>Қазақ тіліне тән ә,і,ң,ғ,ү дыбыстарын өздігінендұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:** балалардың сөздік қорын қазақ тіліндекүнделікті жиі қолданылатын үй жануарлары,<br>жабайы жануарлар *(қой, түйе, қасқыр, қоян, түлкі..)* атауын білдіретін зат есімдермен байыту.Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** 1-ден 10-ғадейін санату.Жануарлардың белгілерін<br>(дауысы,түсі, саны) білдіретін сөздерді айтудыүйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздердің дұрыс айтылуы және мағынасын түсіну дағдыларынқалыптастыру.Қарапайы сұрақтарға жауап беріп(Бұл кім? Бұл не?), Қарапайым сөйлем құра білу,қазақ тілінде 2-3 сөзбен сипаттап, әңгімелеу. |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор:**<br>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. |
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:**<br>Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. |
| | Көркем әдебиет | Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. |
| | Математика негіздері | Балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>**Сан және санау.**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрастыру | Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.<br>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.<br>Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. |
| | Қоршаған ортамен танысу | Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Тұрмыстық техника: шаңсорғыш, тоңазытқыш, теледидар, т.с.с-дың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.<br>Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтордың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану) |
| | Сурет салу | Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру.<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту.<br>Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. |
| | Мүсіндеу | Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу<br>Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. |
| | Жапсыру | Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. |
